


# АКЖАКЕН

ISSN 0234 — 6818

№ 8 ТАМЫЗ 1996



# ҚАЗИДЫ ҚУҒАН ҚАБАН

...Бал-дәурен шағымның ізі қалған Балқаштың жағасындағы туған ауылға барған сайын міндетті түрде жаңғыртар тағы бір оқиға еріксіз қолыма қалам алғызып отыр. Алыстан шаршап-шалдығып жеткенімде алдымнан ыржалақтап құшақ жая қарсы алатын досым Қазиды көргеннен-ақ осыдан отыз жыл бұрынғы сол сурет қаз-қалпында еске түседі.

Қаңтардың қақаған күндерінің бірі болатын. Ол кезде бүкіл ауыл көмір дегенді білмейтін. Елдің негізгі отыны — жыңғыл. Ал оны ауыл тұрғындары қыстай қияндағы Мақаш пен Байсейіттің құмынан мәшинемен тасиды. Қалың құмның ішіндегі жыңғыл орманы қояннан жыртылып айырылады. Сыңсыған тоғайды қыстаған шіл мен қырғауыл да жетерлік. Сондықтан отын бастырушылар қосауыздарын қолтықтарына қыстыра келеді.

Үлкен-үлкен томарлы көрі жыңғылды таңдап, іріктеп мәшинеге сықита тиегеннен кейін қоян аулауға кірісеміз. Өп-сәтте екі-үштен қоян атып алған біз ересектердің ескертуімен көрі оралдық. Тек қоянның қызығына түскен Қазиды қалың қарды омбылап ұзап кеткенге ұқсайды. Оны талып жеткен мылтық даусынан сезіп отырмыз. Біраздан соң әлгіндегі әлсін-әлсін естілген мылтық үні де сап тиылған. «Келіп қалар» деген үмітіміз біртіндеп күдікті ойға ұласты. «Адасып кеткен шығар?! Тездетіп іздейік. Өйтпесе, күн кешкіріп кетіп, қайта алмай жүрерміз...»

Тұс-тұсқа жүгірген іздеушілер Қазиды қансырап жатқан жерінен тез-ақ тауып алды. Кеудесін дәу жыңғылдың түбіне жасырған оның етігі қанға толып кетіпті. Аппақ қар қою қара қаннан көрінбейді-ау. Қатты қорыққан балалардың бірі айғайлап жылап жіберді.

— Қазиды өліп қалыпты...

Сөйткенше баяу сақтықпен қозғалған ол басын көтеріп:

— Тірімін! — дейді. — Қабан жарып кетті ғой.

— Не дейсің!

— Қайдан келген қабан!..

Төңірегіне үркектей жанар жүгірткен Қазиды бар жайды түйіп жеткізген. Сөйтсек, қоян жымына түскен оның соңынан жыныс тоғайдан қаңғып шыға келген нән қара қабан ілесіпті. Артына жалтақтай ілгері адымдаған ол өбден талықсып шаршаған бойы жыңғылдың түбіне жасырына құлайды. Сол мезетте екпіндеген қабан қылыштай азу тісімен жанбас тұсынан сүйкеп жүре береді...

Ажал аузынан қалған оны содан бері құрдастары «Қабан қуған Қазиды» атап кеткен еді.